

Жаңаарқа ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2009 жылғы 31 қаңтардағы N 13/123 шешімі. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 ақпанда N 8-12-51 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2010 жылғы 16 тамыздағы N 25/228 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2010.08.16 N 25/228 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының "Аумақтық-әкімшілік құрылымы туралы" Заңының 2 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес аудандық Мәслихат

Ш Е Ш І М **Е Т Т І :**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға 3,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек **к ө р с е т і л с і н .**

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау аудандық Мәслихаттың халықты әлеуметтік қорғау және заңдылықты сақтау туралы тұрақты комиссиясына (Ж. Қожабековаға) **ж ү к т е л с і н .**

3. Осы шешім аудандық Әділет басқармасында тіркеліп, ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді.

<i>Аудандық</i>	<i>Мәслихаттың</i>
<i>кезектен</i>	<i>тыс кеңейтілген</i>
<i>ХІІІ-ші сессиясының төрағасы</i>	<i>З. Аманов</i>
<i>Аудандық Мәслихат хатшысы</i>	<i>Д. Жұмасейітов</i>

КЕЛІСІЛДІ:

<i>Аудандық</i>	<i>жұмыспен</i>	<i>қамту</i>
<i>және</i>	<i>әлеуметтік</i>	<i>бағдарламалар</i>
<i>бөлімінің бастығы</i>		<i>Ш. Ибраева</i>

31.01.2009 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК